



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

22.02.2023

Кокшетау қаласы

№ 221/1
г. Кокшетау

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

2.1. Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директоры К.К.Шаймерденовке жүктелсін;

2.2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Молдакова:

- Орталықты іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырсын және Орталық қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындасын;
- Орталық сабақтарын өткізуге педагогтердің дайындығын жүзеге асырсын;
- «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырсын;
- Педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, БАҚ және әлеуметтік желілерде Орталықтың іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етсін;
- Қалалық білім бөліміне Орталықтың қызметі туралы ақпарат дайындасын.

2.3. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының м.а Ш.С.Мухаметкалыеваға:

- Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық

қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ отуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

2.4. Мектеп кітапханашысы Б.Б.Жалмағамбетоваға: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Н.Х. Смагулова: Мектептің бақылау жоспарының тарауларына Орталықтың қызметін іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып, толықтырулар енгізісін.

4. Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

5. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру - сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

6. «Даналық мектебі» клубы мен Орталықтың қызметін іске асыру үшін келесі құрамда жұмыс тобы бекітілсін:

А.Т.Молдакова-ДТЖО

Л.К.Адылова-ДТЖО

С.Б.Бейсембаева - педагог-психолог

А.К.Шахманова-педагог-психолог

Л.Е.Семенова-педагог-психолог

Ы.С. Жумабаева-социальный педагог

I-II сыныптардың сынып жетекшілері

7. «Даналық мектебі» клубы аясында «Аналар Кеңесі» құрылсын.

8. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

9. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Орталық қызметінің іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б.) аяқталуын қамтамасыз етсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:



К. Шаймерденов